



## Жаңа жыл құтты болсын!

## Құрметті әріптестер!

*Сіздерді 2018 Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге зор денсаулық, мол бақыт, отбасыларыңызға амандық тілеймін.*

*2017 жылы біздің үлкен еңбек ұжымы ынтымақ-бірлікте абыройлы еңбек етті. Біздің негізгі міндетіміз – мұнай өндіру, жоспарды орындау! Осы жолда Сіздердің әрқайсыңыз адал еңбек етіп, өз үлестеріңізді қосып келесіздер.*

*Алдағы келе жатқан Жаңа жылда жемісті еңбек етіп, алға қойылған міндеттерді ынтымақ-бірлікте абыроймен атқарайық. «Бұрыс алды ынтымақ» деген, үлкен еңбек ұжымымызда лайық тек өзара сыйластық, түсіністік, береке-бірлік салтанат құрсын.*

*Өндірісте барлық қауіпсіздік талаптарын бұлжытпай орындап, биік белестерді бағындырайық. Ең бастысы – Сіздердің әрқайсыңыздың амандығыңыз! Жаңа жылда да отбасыңыздың, перзенттеріңіздің қызық-қуанышына бөленіп, бәйтерек, үлкен тірек болып жүріңіздер.*

*Ел экономикасын дамыту жолындағы қызметіміз 2018 жылы да жемісті болсын. Жаңа жыл әрбір шаңыраққа құт-береке болып енсін.*

*Ойға алған арман-мақсаттарыңыз орындалсын! Жаңа жыл жақсылығы мен қуанышын сыйласын! Төрімізге қыдыр-бақ болып қонсын! Құтты жыл болсын!*

*Ізгі ниетпен,  
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру АҚ  
Бас директоры*

*Қ. Есқазиев*



### Бүгінгі санда:



**Тренер болу – талабыңды үштайды**

**4** »»



**Өнертапқыш жастар байқауда бақ сынады**

**5** »»



**«ӨзенМұнайСервис» серіктестігіндегі жетістіктер мен жаңа бастамалар**

**6** »»

## «Ембімұнайгаз» АҚ басқарма төрағасы Ә. Жақсыбеков – «ҚҰРМЕТ» орденінің иегері

15 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 26 жылдығына орай Астанада өткен мұнай-газ саласы қызметкерлерін ұлығылау салтанатты шарасында «Ембімұнайгаз» АҚ басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков «Құрмет» орденімен марапатталды.

«Құрмет» орденімен қоғамдық қызметке белсене араласып, елдің әлеуметтік-

экономикалық, мәдени дамуына, халық арасындағы достық пен ынтымақтастық нығайтуына еңбек сіңірген қайраткер азаматтар марапатталады.

Ә.Жақсыбеков саналы ғұмырын еліміздің мұнай-газ өнеркәсібінің дамуына арнап келеді. 1982 жылы «Ембімұнай» ӨБ-не қарасты «Доссормұнай» МГӨБ-нің Байшо-нас кен алаңында 2-разрядты мұнай және

газ өндіруші операторы болып басталған еңбек жолында үлкен өндіріс мектебінен өтті. Саладағы жауапты буындарда қызмет етті. 2017 жылдың 24 сәуірінен бастап «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар Кеңесінің шешімімен Компанияның Басқарма төрағасы болып сайланып, абыройлы еңбек етіп келеді. ЕМГ басшысын жоғары мемлекеттік марапатымен құттықтаймыз!



## ТӘУЕЛСІЗДІК МЕРЕКЕСІ АТАЛЫП ӨТТІ

**Ж**елтоқсанның 15-і күні «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ орталық аппаратында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай салтанатты жиын өтті. Шарада Компанияның Бас директоры Қ.Есқазиев жиналған ұжымды Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтап, өзінің ізгі тілегін білдірді. Мұнан соң еңбегімен ерекшеленген бірқатар қызметкерлерге марапаттар табыстады.

Компанияның омбудсмені Б.Иманғалиев «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның Құрмет грамотасымен марапатталды. ҚМГ БӨ Құрмет грамотасы мен Алғыс хатымен марапатталғандар арасында бас директордың орынбасары, басқарушы директорлар, департамент директорлары, департамент директорларының орынбасарлары, талдаушылар, мамандар бар.

Салтанатты жиын мерекелік концертпен жалғасты.



**Е**ліміздің Тәуелсіздік күні мерекесіне орай «Ембімұнайгаз» АҚ-да Қоғам мұнайшыларының басын қосқан салтанатты жиын өтіп, Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков жиынға қатысушыларды тарихи мәні зор мерекемен құттықтады.

Тәуелсіздіктің бағы баянды болуына ембілік мұнайшылардың да қосқан үлесі сүбелі. Компания республика және облыс бюджеті алдындағы міндеттемелерін толықтай орындап отыр. Алдағы уақытта да Сіздердің еліміздің және Компанияның дамуына үлес қоса беретіндеріңізге сенімдімін. Баршаңызға денсаулық, береке-бірлік тілеймін, – деді ол.

Тәуелсіздік мерекесіне орай көптеген мұнайшылар мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі, жоғары өндірістік көрсеткіші үшін «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Құрмет грамотасы және Естелік белгісімен, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасымен марапатталды.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Құрмет грамотасымен «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ С.Нұржанов атындағы кен орны жөндеушісі Б.Қапаров пен «Қайнармұнайгаз» МГӨБ механикалық-энергетикалық бөлім бастығының орынбасары Б.Шамай, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Құрмет грамотасымен Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары Б.Балжанов, «Доссормұнайгаз» МГӨБ Шығыс Мақат цех бастығының орынбасары А.Салиев, «Жайықмұнайгаз» №4 цех операторы А.Жанәдіпов, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Терең-Өзек цехының операторы А.Тлекешов, мұнай-газ саласының дамуына қосқан үлесі, дуалды оқыту жобасын іске асыруға белсенді қатысқаны және қазақстандық мамандар дайындаудағы үлесі үшін «Қайнармұнайгаз» МГӨБ операторы С.Мұханов, «Жайықмұнайгаз» ұңғыларды зерттеу операторы Қ.Сүйінғариев, «Жылыоймұнайгаз» ұңғыларды зерттеу шебері А.Мұқанова, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Естелік белгісімен «Доссормұнайгаз»

инженерлік-технологиялық қызмет жетекшісі А.Маңғыбаев, «Жайықмұнайгаз» №1 цех операторы И.Даутов, «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының автокөлік жүргізушісі А.Алтынғалиев, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Құрмет грамотасымен «Ембімұнайэнерго» Доссор торабының монтері Т.Ғалиев, ӨТҚЖЖК басқармасының Құлсары базасы күзетшісі Қ.Мырзабаев, «Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасымен Келешек даму департаменті директорының орынбасары Ә.Каримов марапатталды. Жиын барасында мұнайшыларды Кәсіподақ комитеті төрағасы К.Шаңқанов және Ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.Сматуллин құттықтады.

Мұнайшылар арасында тәуелсіздік күніне арналған осындай жиын «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Жылыой мұнайгаз», «Жайықмұнайгаз», «Доссормұнайгаз», «Қайнармұнайгаз», «Ембімұнайэнерго», «ӨТҚЖЖК» басқармаларында Қоғам басқарушы



директорларының қатысуымен өтіп, көптеген мұнайшылар мұнай саласын дамыту және елдің тәуелсіздігін нығайтуға қосқан үлесі үшін олар да «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Құрмет грамотасы және Естелік белгісі, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасымен марапатталды.



## «ҮЗДІК БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМЫ»

ҚР Тәуелсіздік күніне орай «Нұр Отан» партиясының 150-ге тарта аймақтық және аумақтық филиалдарының арасында «Үздік бастауыш партия ұйымы» республикалық байқауында «Ембімұнайгаз» АҚ бастауыш партия ұйымы ІІІ ОРЫНДЫ иеленді. Астана қаласында Саяси ұйымның орталық аппаратында өткен марапаттау рәсімінде Партия төрағасының бірінші орынбасары Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары, Аппарат бастауыш партия ұйымының төрағасы Айболат ҒАБДУЛЛИНГЕ диплом мен ақшалай сыйлық сертификатын табыс етті.

## МҰНАЙШЫЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

16-желтоқсан – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күніне орай «Өзенмұнайгаз» АҚ бір топ қызметкері «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, сондай-ақ, «ҚазМұнайГаз» ҰК, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ Құрмет грамоталарымен, ескерткіш белгілерімен, алғыс хаттарымен марапатталды.

Мұнайшыларды бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбаса-

ры Мақсат Ибағаров және кәсіподақ ұйымының төрағасы Наурыз Сақтағанов құттықтады.

«Тәуелсіздік – біздің басты қазынамыз! Бар қазаққа оны көздің қарашығындай сақтау міндет! Баршаңызды ұлық мерекемен құттықтаймын», – деді М.Ибағаров.

Салтанатты жиында «Керуен» тобы және әріптесіміз Жаңыл Қойшыбаева патриоттық тақырыптағы өнерді шырқады.



«ЖАЙЫҚМҰНАЙГАЗ» МҰНАЙ-ГАЗ  
ӨНДІРУ БАСҚАРМАСЫНДАҒЫ  
КӨЛІКПЕН ҚАМТУ ҮДЕРІСІНІҢ  
ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ПИЛОТТЫҚ ЖОБАСЫ

2016-  
2017

ӨНДІРІСТІК  
ҚҰРЫЛЫМДЫҚ  
БӨЛІМШЕЛЕРГЕ ТАРАТУ

2017

ЖОБАНЫҢ ҮДЕРІСТІК  
ЖҮЙЕГЕ КӨШУІ

2018

## ҚАЛАЙ БОЛДЫ:



## ҚАЗІР ҚАНДАЙ:



## ДАМУДЫҢ КЕЛЕШЕГІ

Көлік саласындағы техникалық қызмет көрсету және жөндеуді автоматтандырылған басқару жүйесін продуктивке көшіру

Көлік құралын пайдалану шығынын есептеудің бөлінетін жүйесін құру



# «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері – «Жыл адамы-2017» байқауының жеңімпаздары

Атырау қаласындағы Құрманғазы атындағы мәдениет үйінде жыл сайынғы жалпықалалық «Жыл адамы-2017» байқауы қорытындыланып, онда 13 номинацияның 2-ін «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері жеңіп алды. «Өндіріс саласының үздігі-2017» аталымы бойынша «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының мұнай дайындау және айдау цехының жөндеушісі Дархан Жаңабаев үздік деп танылса, «Үздік жас мамандар комитеті-2017» номинациясы бойынша Компанияның «Жас мамандар» кеңесі жеңімпаз атанды.

– Ембімұнайгаз» АҚ-да қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру бағытында үлкен жұмыстар атқарылуда. Компания қызметкерлері тұрақты түрде қажетті оқулардан өтіп тұрады. Сонымен қатар, жас мамандардың әлеуеттерін арттыруға да үлкен көңіл бөлінуде. 2013 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Стратегиясын

жүзеге асыру мақсатында барлық өндірістік-құрылымдық бөлімшелерде жастардың белсенділігін арттыру үшін құрылған «Жас мамандар» кеңесі Компанияның әлеуметтік жобаларының іске асуына да белсенді араласып келеді, – деп атап өтті ЕМГ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры Гүлбану Шарафетдинова.

Жыл сайын өтетін «Үздік маман-2017» ұжымдық байқауында мұнайшылар теориялық білімдерін тексеріп, тәжірибелік білімдерін шыңдаса, жас мұнайшылар жаңа жобаларын «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ компаниялар тобы арасында ұйымдастырылатын «Жас маман күні» ұжымдық форумында қорғайды. Биыл V Форум Атырау қаласында өтіп, Дархан Жаңабаевтың жобасы энергетика және автоматика секциясында үздік танылып, «2017 жылдың үздік өнеркәсіп маманы» номинациясын жеңіп алды. Сол себепті де ол үздік деп танылып отыр.

Ал, Серік Шығанов жетекшілік ететін ЕМГ жас мамандар кеңесінің алғаш ұйымдастырған шарасы Атырау сәбилер үйіндегі жүйке жүйелерінің ауруына шалдыққан балалар үшін ұйымдастырылған қайырымдылық акциясы болды. Аталған акцияға алты өндірістік бөлімшенің барлық жас мамандары қатысты. Сонымен қатар, ембілік жастар 2015 жылы Атырау қаласында болған қатты нөсер жауынның салдарын жоюда да белсенділік танытты. Ал, 2017 жылдың қыркүйек айында «Жас мамандар кеңесі» мүшелері Компанияның 95 жылдығына орай Ембінің тарихи жерлерін аралады. ЕМГ жастары өңірде болып жатқан шараларға үнемі атсалысып отырады. Соған орай ЕМГ АҚ Басқарма төрағасы Өнуар Жақсыбеков: «Жастарымыз ерледі, үлкен еңбек сіңіруде. «Жыл үздігі» атану – Компания үшін үлкен жетістік. Жеңіс құтты болсын!», – деді.





## «ITS» – ішкі тренерлер мектебі

# ТРЕНЕР БОЛУ – ТАЛАБЫҢДЫ ҰШТАЙДЫ



**Эльмира Каримова, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ** Қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу жөніндегі департаментінің директоры:

– ҚМГ БӨ «ITS» ішкі тренерлер мектебі жобасының іске қосылғанына міне, бір жылдан асты. Осы жобаны 2016 жылдың желтоқсанында бастаған өдік. Компания басшылығы бізге қолдау көрсетті, ал қызметкерлер қызығушылық танытты. Алғашқыда Ішкі тренерлер мектебіне 33 қызметкер өтініш білдірді. Олар арнайы сынақтан, сұхбаттасудан өтті. «ITS» ішкі тренерлер мектебі қатысушылардың қабылет-қарымдарының ашылып, тренер болуға машықтану үшін Қазақстанның, Ресей және Украинаның бизнес тренерлері арнайы шақыртылып, олар түрлі семинар, тренингтер жүргізді. Мектеп қатысушылардың жаттығулар жасап, ізденісте болуын талап етеді. Демалыс күндерінде, жұмыстан кейінгі уақытта семинарларға қатысу қажет болды. Кейін біздің алғашқы қатарымыз азайып, тізім 25-ке дейін түсті. Әрине, оңай емес. Жұмыстан босай алмай қалады немесе іс-сапарларға шығып кетіп, уақытында тренингке қатыса алмай қалады. Жаттығулар жасауға уақыт таппай жатады. Ал, оқып үйренген технология бойынша өзіңнің жеке тренингіңді өткізіп, сынақ тапсыру керек. Мен оларды түсінемін. Өзім де осы жобаға қатысушының бірімін. Өзім де осындай сынақтан өттім.

«ITS» жобасы өз нәтижесін бере бастады. Биылғы жылдың көктемінен бастап, «ITS» қатысушылары өздерінің тренингтерін өткізіп, алғашқы қадамдарын жасады. Маусымда өткен Жас мамандар күнінде ішкі тренерлер топпен жаттығу жұмыстарын өткізді. Қарашада HR қызметкерлерінің форумында біздің ішкі тренерлер өз шеберлік кластарын өткізді, топпен жұмыс істеді. Күні кеше ғана Бурабай өңірінде ҚМГ БӨ Маркетинг, сатып алу және мұнай сату блогы қызметкерлерінің тренингінде ішкі тренерлер Маркетинг және мұнай сату департаментінің аға маманы Ернұр Сәбікенұлы және Логистика және сатып алу департаментінің жетекші маманы Нұрзада Үсіпбекова Орталық аппарат қызметкерлеріне арналған өз шеберлік кластарын өткізді. Бұл шара аясында команда құру және тимбилдинг элементтері қамтылды. Қазір жылдың соңы, бюджет қорғау, келесі жылға сатып алу жоспарлары болады. Ал, сатып алу орталық аппараттағы маңызды қызметтің бірі. Мұнай өнімдерін сату – маңызды бағыт болып табылады. Сондықтанда сатып алуға қатысты мәселелер бойынша пікірталасу өте қажет. Тренингтер барысында Маркетинг және мұнай сату және Логистика және сатып алу департаменттері

қызметкерлері өзара тәжірибе алмасты. Нұрзада Үсіпбекова әріптестеріне сатып алу заңындағы өзгерістерді, сатып алуды қалай өткізу керектігі туралы кеңінен айтып берді. Мәселеге тапсырыс беруші, уәкілетті орган және мердігер тараптарының көзқарасымен келді. Шеберлік класы интерактивтік формада өтті. Тренинг барысында үш тараптың да ашықтық, ақылға қонымда бағадағы бәсекелестік және заңдылықтың болуын қалайтыны көрінді.

Ал, Ернұр Сәбікенұлы өткізген шеберлік класы негізінен ҚМГ БӨ-дегі жаңа бизнес – процессингке арналды. Мұнай қалай сатылады, Компания кірісі қалай алынады, мұнай бағасы қалай қалыптасады? Ернұр бұл сұрақтардың барлығына жауаптарды танымдық тұрғыда беріп, мазмұнды өткізді. Мұнда да қызметкерлер үш топқа бөлініп, аталған процестердің неден басталып, қалай сатылып, бағаның қалай түзілетінін сараптады.

Бұл өте тиімді тәжірибе болды. «ITS» жобасына деген қызығушылықты тудырды. Өз әріптестерін тренер ретінде көрді, оларды мүлдем басқа қырынан таныды. Тренер болған өз әріптестері арқылы «ITS» жобасының шынайы нәтижесін көрді. Бұл жобаның одан әрі қарай жалғасуы туралы қызығушылық білдірді. Менің пікірімше, бұл өміршең жоба! Бірінші топ шынығып, әрі қарай қанатын қағып қатайып кетсін. 2018 жылы да біз Компания ішінде және еншілес кәсіпорындарда осындай семинарларды өткізуді жоспарлап отырмыз. «ITS» жобасын әрі қарай да жалғастырамыз, басқа да әріптестестеріміз ықылас білдіріп, қатысатын болады. Бұл өте керек жоба. Біздің мамандар осылай өсіп, шыңдалып тренингтерді өздері өткізетін болады. Бұл сырттан келіп, оқып кетіп қалатын тыс адам емес. Өз қызметкерлеріміз бәрін шын жүректен атқарады деп ойлаймыз. «Біреуді үйреткің келсе, өзің оқы» дегендей, бұл өзіміздің де білімімізді нығайтып, өсуге серпін береді. «ITS» жобасының нақты нәтижелері үшін мен өте қуаныштымын. Жоба алғашқы қадамдарын басып, қатайып келеді. Бұл пікірімді әріптестерім бөліседі деп ойлаймын. Енді көп жағдай «ITS» қатысушылардың өзіне байланысты болады. Жобаның әкімшісі Қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу жөніндегі департаменті барлық мүмкіндіктерді жасады.

2018 жылы да бұл жобаны іске асыруды жоспарлауға болады деген ойдамын.



**Досымбек Тасқымбаев, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ** Логистика және сатып алу департаментінің директоры:

– ҚМГ БӨ коммерциялық блогында өз қызметкерлеріміздің және сыртқы тренерлердің күшімен тренинг өткізу – біздің компания көлеміндегі ауқымды деңгейдегі шаралардың бірі болды.

Қазіргі кезде логистика және сатып алу жөніндегі мәселелер өзекті болып тұр. Өйткені, 2018 жылға сатып алу науқаны жүріп жатыр. Бұл орайда, мұнай және мұнай өнімдерін ішкі және сыртқы нарықтарға жеткізу тақырыбы бойынша өткізілген тренинг бірқатар қызметкерлеріміз үшін танымдық тұрғыдан пайдалы болды. Себебі, процессингке, мұнайдың экспортқа қалай жөнелтілетіні, экспортқа шығару кезінде қандай ілеспе шығындар болатыны, сондай-ақ мұнай және мұнай өнімдерін сату туралы шарттарды алдын ала дайындау қажеттілігі туралы нақты түсініктер берілді.

ҚМГ БӨ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Сатып алу ережесінің субъектісі болып табылатынын атап өткен жөн. Сондықтан Компания сатып алу рәсімдерін өткізу бойынша және тауар берушілерді, жұмыс пен қызмет көрсетушілерді анықтау бойынша барлық ережелерді сақтауға тиіс. Мен мұнайды, мұнай-газ өңдеу өнімдерін сату бөлігінде, сондай-ақ сатып алу рәсімдері бөлігінде ұзақ жылғы жұмыс стажы бар маман ретінде осындай ауқымды тренинг өткізу Орталық аппаратта да, еншілес және тәуелді ұйымдарда да өзекті болады деп ойлаймын. Өзім де «ITS» жобасының тренерімін. Болашақта менің де тренингім өтеді. Әріптестеріммен бөлісетінім және үйрететінім көп.



**Ернұр Сәбікенұлы, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ** Маркетинг және мұнай сату департаментінің аға маманы:

– Бурабай өңірінде «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу жөніндегі департаментінің қолдауымен Комерциялық блог қызметкерлері үшін өткен тренингте ішкі тренер ретінде шеберлік класын өткіздім. Комерциялық блок Логистика және сатып алу және Маркетинг және мұнай сату екі департаментінен құралған. Мен осы тренингке қуана қатыстым. Оның үстіне ішкі тренерлер мектебінде тәлім алып жүргендіктен, өз тақырыбым бойынша, мұнай және мұнай өнімдерін ішкі және сыртқы нарыққа шығару тақырыбына арналған тренинг өткізу мүмкіндігі туды. Өткізген тренингім әріптестерім үшін өте пайдалы болып, олар жоғары деңгейде өтті деген оң бағаларын берді. Мен үшін бұл өте қуанышты жағдай. Ішкі бизнес тренерлер мектебінде тәлім алып жүргенім мақтаныш, мәртебе десем де болады. Бурабайда өткен тренингтер өте қызықты, тиімді өтті. Ұйымдастырушыларға алғысым шексіз. Ең маңыздысы, біз екі күн тренинг кезінде бір-бірімізбен өтене жақын араласып, бір-бірімізді жаңа қырымыздан тануға мүмкіндік болды. Кәсіби біліктілігімізді арттырды.



**Нұрзада Үсіпбекова, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ** Логистика және сатып алу департаментінің жетекші маманы:

– «ITS» ішкі тренерлер мектебінің мен үшін де маңызы өте зор. Осы жобаға қатысып, көп нәрсені үйрендім. Тренер болуға машықтандым. Осы саладағы технологияның, әдістеменің қыр-сырын үйрендім. Бұл мектепте тәлім алып үйренбегенде, менің тренингім лекцияға, педагогикаға көбірек ұқсас еді. Тренингтің құрылымы тартымсыз болар еді. Топпен жұмыс істеу, олардың қызығушылығын арттыру, түрлі жаттығулар жасату – тренингтің тиімді өтуіне өте пайдалы. «ITS» топтармен жұмыс істеу әдістемесін үйретті. Әрі бұл команда құруда да өте пайдалы. Өзім өткізген шеберлік класында сатып алу қағидаттарына тапсырыс беруші, уәкілетті орган және мердігер тараптарының көзқарасы тұрғысынан келдім. Тараптардың барлығының ойы бір жерден шықты деуге болады. Олардың бәрінің тепе теңдік жағдайы, заңдылықтардың сақталуы, ашықтық туралы пікірлері бір-бірімен үндесіп жатты. «ITS» менің кәсіби қызметімде маңызды орынға ие!

# Өнертапқыш жастар байқауда

## ОАҚ сынады

10 желтоқсан күні «Өзенмұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесінің ұйымдастыруымен «Рационализаторлық және инновациялық жобалар 2017» байқауы болып өтті.

Шараның мақсаты – озық ойлы жастар шоғырын қалыптастыру, өндірістік мәселелердің шешімін табуға жас мамандарды жұмылдыру және жас көшбасшылардың өз идеяларын іске асыруға мүмкіндік беру.

### САЙЫС НӘТИЖЕСІНДЕ:

№3 МГӨБ ҚҚС слесарі Жасұлан Қарақұлов «Құбыр фланецтерін қауіпсіз ажырату АҚ-17 аралық кергіш құралы» жобасы 150 000 тг. сыйақысымен бас жүлдеге;

№2 СҚКБ автоэлектригі Қадырхан Есімбетов «15.8106.000-15 маркалы сұйықтықпен жылытқыштың конструкциясына өзгерту арқылы жетілдіру» жобасы 130 000 тг. сыйақысымен I орын;

№4 МГӨБ МЖГӨ операторы Әділжан Үсенов «СС-01 Сальник соққыш қауіпсіз құрал» жобасы 100 000 тг. сыйақысымен II орын;

Игеру департаменті директорының орынбасары Дамир Шырақбаевтың «Ұңғылардан тікелей сынама алатын түтікшені өзгерту арқылы сынама көрсеткішінің дәлдігін көтеру» жобасы 75 000 тг. сыйақысымен III орын;

60 000 тг. сыйақысымен «Үздік экологиялық жоба» номинациясында №4 МГӨБ МЖГӨ операторы Әлібек Қосжановтың «Устьевоу насос для откчки затрубного газа» жобасы марапатталды.

Мұнайшылар ұсынған жобаларды «Өзенмұнайгаз» АҚ Бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаров, Бас директордың геология және игеру бойынша орынбасары Шолпан Пангереева және комиссия төрағасы Өндіріс жөніндегі басқарушы директор Ермек Қарамұрзаев сараптады.

### БАС ЖҮЛДЕНІ ИЕМДЕНГЕНІМЕ ҚУАНЫШТЫМЫН!

Мен №3 Мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Қабат қысымын сақтау цехында 5-дәрежелі оператор болып жұмыс жасап келемін. Байқауға ұсынған жобамның тақырыбы «АК-17» деп аталады. Таратып айтатын болсақ, аралық кергіш деп аталады. Менің бас жүлдеге ие болуымның негізгі себебі, аталған құрал жұмыс жасап тұрған мұнайшының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Ал, компания үшін негізгі байлық ол мұнайшының денсаулығы. Аралық кергіш құралын пайдалану арқылы біз уақытты тиімді пайдалануға, еңбек қауіпсіздігіне, адам күшін үнемдеуге қол жеткіздік. Жобаны өндіріске енгізудегі мақсат – мұнай саласын дамыту, компанияның экономикалық тұрғыдан өсуіне қалқадірімше үлес қосу болып табылады.

Байқауға қатысу арқылы доданың адам баласының кәсіби дамуына, жетілуіне, көкжиегінің кеңейуіне айтарлықтай үлес қосатынына көзім жетті.



Өндіріс үшін аса пайдалы жобалар байқауының өтуіне мұрындық болған компанияның Жас мамандар кеңесіне ерекше алғысымды білдіремін. Болашақта да осындай игі шаралар жалғасын тапса, нұр үстіне нұр болар еді!

**Жасұлан Қарақұлов,**  
«Өзенмұнайгаз» АҚ, №3 МГӨБ,  
ҚҚС операторы

### АРМАНЫМА ҚАНАТ БІТРДІ

Мен «Өзенмұнайгаз» АҚ-ға қарасты №2 Сквжиналарға қызмет көрсету басқармасында автоэлектрик мамандығы бойынша 2008 жылдан бері жұмыс істеймін. Мамандығым өзіме ұнайды. Жалпы автоэлектрик мамандығы біздің басқармада тапшы кәсіп болып саналады. Осы мамандықты таңдауыма телешебер болып жұмыс жасаған ағам Бекарыс Серікбаевтың ықпалы зор болды. Ол теледидарларды жөндеп жатқан кезде, өзге балалар далаға ойнап кетуші еді. Мен ағамның қасынан айналшықтап шықпаушы едім. Мектепте физика пәніне деген қызығушылығым жоғары болды. Жас

мамандар кеңесінің ұйымдастыруымен өткен «Рационализаторлық және инновациялық жобалар байқауы – 2017» байқауына бірінші рет қатыстым. Өндірістің дамуына өте-өте қажет осындай байқауды өткізген Жас мамандар кеңесіне өте риза болдым. Мен осы сайыста I орынға ие болдым. Енді қысқаша өзімнің жобамға тоқталып өтейін. Жобам «15.8106.000-15 маркалы сұйықтықпен жылытқыштың конструкциясына өзгерту арқылы жетілдіру» деп аталады. Бұл тақырып өзгелерге түсініксіз болуы мүмкін. Әңгіменің не туралы екендігін біздер бірден түсінеміз. Осы уақытқа дейін ПЖД-81.06.15 қысқы аязда жарамсыз болып жұмыстан шығып



қалатын еді. Қыста өздеріңіз білесіздер, өндірісте қауірт жұмыс жүріп жатады. Ауа-райының қолайсыздығына қарамастан өндірістегі жұмыс тоқтамауы ләзім. Осы уақытқа дейін маңызды дәнекерлеу жұмыстары кезінде ПЖД-81.06.15 (машина моторын сұйықтық арқылы жылытқыш қозғалтқышы) күйіп кетіп, қызу жұмыс тоқтап қалатын-ды. Мен осы проблеманы қалай шешуге болады деп ойлана бастадым. 2013 жылы компания мамандарының біліктілігін арттыру мақсатында Набережные Челны қаласына оқуға жіберген болатын. Маған осы кезде ПЖД-81.06.05 құрамына өзгеріс енгізу туралы идея келді. Тәжірибеге енгізу кезінде аздап қобалжығаным рас. Алайда эксперимент сәтті шықты. Бүгінгі күні аталған өзгеріс 2 камаз агрегатқа қолданылып, оң нәтиже беріп тұр. Байқауда I орынды иеленгенім қиялыма қанат бітіріп, болашақта да компанияның экономикалық дамуына айтарлықтай үлес қоссам деген арманым бар.

**Қадырхан Есімбетов,**  
«Өзенмұнайгаз» АҚ,  
№2 СҚКБ авто-электригі

### БАЙҚАУ ЖІГЕРІМДІ ҰШТАДЫ

Өзен және Қарамандыбас кенорындарының игерудегі өткен кезеңімен, қазіргі таңдағы жағдайын ұштастыра отырып, ары қарай тиімді игеру мақсатында озық технологиялармен қатар жаңа тыныс беретін идеялар қажет. Осыған орай, «Өзенмұнайгаз» АҚ-ы шеңберінде

басшылықтың қолдауымен Жас мамандар кеңесі аясында өткізілген «Рационализаторлық инновациялық жобалар байқауы» жаңа ойларымен бөліскен жас мамандардың жігерін ұштап, өндірістік мәселелерді шешуге бағытталған жобалардың өмірге жолдама алуына септік етті.

Аталған байқауда қарапайым шешімдерден бастап күрделі цифрлық жүйелерді қолдану арқылы өндіріске пайдасын тигізетін жобалар ұсынылды. Өзім дайындаған жобалардың ішінде, газ өсерін азайтуға арналған түптік сүзгіш-сепаратор және гидродинамикалық зерттеу жұмыстарының сапасын жақсарту мақсатында Өзен және Қарамандыбас кенорындары бойынша ұңғымалардағы құбыраралық кеңістіктегі газ қысымының өзгеруіне қарай дыбыс жылдамдығының тәуелділігі көрсетілген арнайы кесте жасақтау, яғни ды-



быс жылдамдығын өлшеуге арналған қосымша қондырғы тақырыбындағы жобамды таныстырдым. Сонымен қатар, ұңғылардан тікелей сынама алатын түтікшені өзгерту арқылы сынама алу процесі мен мұнай өнімінің сулану нәтижесін нақты анықтауға арналған жобалар көрсетіп, ары қарай өндірістік-тәжірибелік жұмыс ретінде енгізуге әділ қазылардан оң бағасын алғаны үлкен ынта-жігер берді.

**Дамир Шырақбаев,**  
«Өзенмұнайгаз» АҚ, Игеру департаментінің  
директорының орынбасары

### «ТЫҒЫРЫҚ СОҚҚЫШ ҚҰРАЛ» ОЙЛАП ТАПТЫМ

Мен «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты №4 МГӨБ, №4 МГӨЦ, 28 топтық қондырғыда 5-дәрежелі мұнай-газ операторы болып жұмыс жасаймын. Жұмысым өзіме өте ұнайды. Жұмыс барысында операторларға, яғни біздерге жиі тығырық соғуға тура келеді.

Сондықтан мен «Тығырық соққыш құрал» ойлап таптым. Құралдың артықшылығына тоқталатын болсам, аталған құралды пайдалану арқылы жұмыс кезінде техникалық қауіпсіздік талаптары сақталады, өте ыңғайлы, сондай-ақ уақыт үнемделеді. Бұл тығырық соққыш жоқ кезде тығырық соғуға 20-25 минут кететін болса, қазір 5-10 минутта жұмысты сапалы бітіретін болдық. Жоба идеясы «басқармама пайдалы бір нәрсе істесем» деген ойдан туды.

Жас мамандар кеңесінің ұйымдастыруымен «Рационализаторлық инновациялық жобалар байқауы» өтетінін естіген соң, жобамды тапсырып, жүрегіме үкілі үміт қадап келгенмін. Жетістік жаман емес. II орынға ие болдым. Өте қуаныштымын. Өзіме риза болғанымды да жасыра алмаймын. Байқауға қатысу арқылы өзімнің әлеуетімді байқадым. Басқалардың жобаларымен таныстым. Байқауға қатысқан мен жаңалық табу үшін – саусақты танауға тығып отырмай, іздену керек екендігін ұқтым.

**Әділжан Үсенов,**  
«Өзенмұнайгаз» АҚ, №4 МГӨБ  
мұнай-газ өндіру операторы



### ТАЛПЫНҒАН ТАУ АСАДЫ

Менің «Устьевоу насос для откчки затрубного газа» деген тақырыптағы жобам «Үздік экологиялық жоба» деп танылды.

Мен №4 МГӨБ-сында МЖГӨ операторы болып 2018 жылдан бері жұмыс жасап келемін. Менің жобамның түйіні мынадай: айталық, біз бүгінгі күні 1000 метр тереңдіктен жер астына құбыр жіберу арқылы мұнай аламыз. Бұны мұнай деп атағаннан сұйықтық деп атағанымыз дұрыс болар. Өйткені, жер астынан шығатын сұйықтықтың құрамында мұнай да, газ да, су да болады. Ендігі мәселе сорап пен құбыр арасына газ жиналады да, сораптың толыққанды жұмыс жасауына мүмкіндік бермейді. Менің жобам бойынша осы сорап пен құбыр арасында жиналатын газды сорып алатын қондырғы орналастырсақ, мәселе өз-өзінен шешілер еді. Өйткені, мен ұсынып тұрған қондырғы сорап пен ұңғы арасындағы газдың жиналуына мүмкіндік бермей, сорып алып отырады. Дер кезінде сорылған газ ауаға жайылып үлгермейді. Бұл дегеніңіз, айналадағы экологиялық тазалыққа үлес қосу болып табылады. Газдың тығыздығы азайған соң әрине сораптың барынша толық жұмыс жасуына мүмкіндік туады. Бұл – әрине, мұнай өнімділігін арттыруға айтарлықтай үлес қосады деген сөз. Кішкентай қондырғының көп қаражатты қажет етпейтіндігін де айта кеткен жөн болар. Адам бойында бұлқынған бұла қуат, қайрат-жігер үнемі бірқалыпты бола бермейді. «Талпынған тау асады» демекші, сондықтан, адам жас кезінде белсенді жұмыс жасап, қолынан келгенше компаниясының гүлденуіне мысалдай да болса үлес қосуы тиіс деп есептеймін.

Сайыс біздерді білімді, жан-жақты болуға, өзіне деген сенімділік қасиеттерін қалыптастыруға бейімдеу, білуге, үйренуге деген қызығушылығымызды арттырды. Компания басшылығының жастарға ерекше көңіл бөлуі-құптарлық жағдай.

**Әлібек Қосжанов,**  
«Өзенмұнайгаз» АҚ,  
№4 МГӨБ жөндеуші-слесарі



# «ӨЗЕНМҰНАЙСЕРВИС» ЖШС мамандары марапатталды

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 26 жылдығына орай «ӨзенМұнайСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде салтанатты жиын өтті. Мереке қарсаңында бірқатар мамандар серіктестік атынан және «ҚазМұнайГаз»ҰК» АҚ-ның атынан алғыс хаттармен марапатталып, төсбегілерге ие болды.

«ӨзенМұнайСервис» серіктестігінің бас директоры Нұрсейіт Союнов ұжым қызметкерлерін мерекемен құттықтады. «Қазақстан өз алдына

тәуелсіз мемлекет атанғанына биыл 26 жыл толып отыр. Құдайға шүкір, қазіргі таңда қазақ елін әлем таныды. Еліміз қоғамның барлық саласында қарқынды дамып келеді. Жас мемлекетіміз одан әрі дами берсін. Жеңісті, жемісті күндеріміз көп болғай! «ӨзенМұнайСервис» серіктестігінде де әрдайым ынтымақ болып, жетістік шыңдарын бірге бағындыра берейік! Тәуелсіздігіміздің ғұмыры мәңгілік болғай!» – деді өз сөзінде серіктестік басшысы.

Айтулы мерекеге орай өткен шарада бірқатар мамандар кәсіби шеберлігі, жемісті еңбегі және мұнай-газ саласының қалыптасуына қосқан үлесі үшін «ӨзенМұнайСервис» ЖШС, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және «ҚазМұнайГаз»БӨ» АҚ басшылары атынан Құрмет грамотасы және төсбелгілерімен марапатталды. Тәуелсіздік күніне орай серіктестікте ұйымдастырылған спорттық шараларда топ жарған қызметкерлер де қошеметке ие болды. Сонымен қатар,



серіктестіктегі «Кәсіподақ» ұйымы мен «Жас мамандар» кеңесі тарапынан да бірнеше мамандарға алғыс хаттар табысталды.



## ҰЖЫМДЫҚ ШАРТ – САПАЛЫ ЕҢБЕКТИҢ КІЛТІ

Әр қоғамда, әр мекемеде адам құндылығы ең бірінші орында тұрады. Күнделікті өмірде және үздіксіз еңбекте де адамның амандығы басты назарда. Сондықтан біздің серіктестікте қызметкерлеріміздің әлеуметтік бағытта алатын жеңілдіктерінің кепілі – ұжымдық шарт болып табылады. 2017 жылдың 31 желтоқсанында «ӨзенМұнайСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қабырғасындағы ұжымдық шарттың мерзімі аяқталғалы отыр. Осы ретте қазіргі



таңда жауапты мамандар арасында жаңа ұжымдық шарт жобасын талқылау жүргізіліп жатыр. Кәсіподақ өкілдері Аманқос Ерғалиев пен Саламат Серіков және кәсіподақ атынан сайланған өзге де мүшелерімен ақылдаса отырып, жұмыс беруші жақтан келіссөздерге келу жұмыстары басталды. Талқылау кезінде жұмысшылар мен кәсіподақ тарапынан айтылған көптеген ұсыныстар оң шешімін тауып, қазіргі таңда жұмысымыз жүруде.

Ұжымдық шартқа сәйкес «ӨзенМұнайСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жұмысшыларға әрдайым қол ұшын созып отырады. Қызметкерлерге жылына бір рет шипажайларға жолдама беріледі. Атап айттар болсақ, биыл ұжымдастарымыз Алматы қаласындағы «Алатау», Шымкент қаласындағы «Сарыағаш», «Манкент», «Ақтілек», Қызылорда қаласындағы «Жаңақорған», Көкшетау қаласындағы «Жұмбақтас» сынды демалыс орындарына барып тынығып келді. Сондай-ақ, көмелетке толмаған төрт және одан да көп балалы отбасыларға оқу құрал-жабдықтарын алуға қолдау білдіреміз.

# «ӨЗЕНМҰНАЙСЕРВИС» СЕРІКТЕСТІГІНДЕГІ ЖЕТІСТІКТЕР МЕН ЖАҢА БАСТАМАЛАР



## ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ БАСТЫ НАЗАРДА

«ӨзенМұнайСервис» серіктестігі қызметі күрделі жөндеу жұмыстарымен тікелей байланысты болғандықтан жұмыс кезінде мамандар арасындағы еңбек және техника қауіпсіздігі үлкен маңызға ие. Қызметкерлердің еңбегін қорғау, сапалы техникамен қамтамасыз ету және төтенше жағдайлардың алдын алу серіктестіктің басты міндеттерінің бірі. Осы ретте, жыл соңы болғандықтан желтоқсан айының 12 күні серіктестіктегі шебер С.Досжанов жетекшілік ететін №5 бригада қызметкерлері арасында жоспарлы түрдегі оқу-жаттығу жұмыстары жүргізілді. Еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау бөлімінің мамандары және бөлім басшысы Н.Ермағамбетовтың тікелей мұрындық болуымен өткен жиынға «Семсер-Өрт сөндіруші» ЖШС және «Медикер» медициналық орталығының мамандары атсалысты. Жұмыс орнындағы төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында жасақталған оқу-жаттығу шарасына қатысқан өрт сөндірушілер мен медбикелер шұғыл түскен шақыртуды қабылдап, 10 минут көлемінде оқиға орнынан табылды. Серіктестік қабырғасындағы дабыл қаққыш, бейнебақылау, өрт сөндіру құралдары сынды оқиға кезінде қажетті жабдықтар тексерістен өткізіліп, бригада жұмысшыларының тығырықтан шығу кезіндегі әрекеттері сыналды. Бұндай шара ұжым қызметкерлері арасында жылына екі рет жоспарлы түрде ұйымдастырылып отырады.

## «ҚАРТЫ БАР ҮЙДІҢ ҚАЗЫНАСЫ БАР...»

Кез келген сапалы еңбек көрсеткішінің артында білікті маманның тәжірибесі мен қызметі тұратыны белгілі. Ал, тәжірибе көптеген жылдардың жемісі. Мұнай және газ өндіру саласын дамыту жолында ардагерлеріміздің еңбегі

ұшан-теңіз. Осы күнге дейін «ӨзенМұнайСервис» серіктестігінен құрметті демалысқа жолдама алған 84 зейнеткер бар екен. Үлкеннің өнегесін үлгі еткен біздер үшін ұзақ жылдар бойы өндіріс алаңында қызмет еткен еңбек ардагерлерінің тәжірибесі өнеге. Биылғы жылы ұжымымыздан Жақсылық Үргешов, Алтын Құдайбергенова, Берен Камиев, Нұрберді Нұржанов, Майлыбай Өтебаев, Сайлаубай Төлепов, Кенжебек Агиляев және Дінасыл Құрманова сынды сегіз қызметкеріміз зей-



нет демалысына шықты. Желтоқсанның 13-інде осы аталған зейнеткерлерімізге арналып мекеме атынан мерекелік дастархан жайылған болатын. Игі шараны жасаудағы басты мақсатымыз – ардагерлерімізді құрметтеу, олардың халық игілігіне жасаған қызметін ұмытпай, кейінгі ізбасар мамандарға үлгі ету. Болашақта «ӨзенМұнайСервис» ЖШС бас директоры Н.Союновтың бастамасымен дәстүрлі түрде «1 қазан – Қарттар күнінде» еңбек ардагерлеріне мерекелік шаралар немесе басқосулар ұйымдастыруды көздеп отырмыз.

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨРСЕТТІ

Биылғы жылы өзге мекемелер арасында әлеуметтік сала бойынша көмек көрсетіп, қайырымдылық жасауда «ӨзенМұнайСервис» серіктестігі алдыңғы қатардан көрінді. Сквжиналарды күрделі жөндеуге 45 жыл толуына орай өткізілген қайырымдылық шараларында серіктестік қызметкерлері өз есебінен мүжәлсіз отбасылардың коммуналдық қызмет ақыларын төлеп берді. Сонымен қатар, жағдайы төмен он отбасын бір айлық азық-түлікпен қамтамасыз етті. «Мектепке жол» акциясы шеңберінде 16 оқушыға оқу құралдары және спорттық киімдер, қысқы киімдер мен аяқ киімдер сыйға тартты.

Сондай-ақ, «ӨзенМұнайСервис» ЖШС-нде еңбек етіп, өмірден өткен қызметкерлердің отбасына да қаржылай көмек көрсетті.

«ӨзенМұнайСервис» ЖШС ұйымдастырған қайырымдылық шараларына барлық қызметкерлер бір кісідей жұмылды. Айта кетерлігі, «ӨзенМұнайСервис» ЖШС-де бұндай шаралар жиі өткізіледі. Жыл басынан бері серіктестік қолдауымен 10-ға жуық қайырымдылық акциясы ұйымдастырылған. Ұжым арасында бұндай игі істер алдағы уақытта да жалғасын таппақ.



## «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ШАРАЛАР ӨТТІ

Елбасымыздың бекіткен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «ӨзенМұнайСервис» серіктестігінде бірқатар шаралар атқарылды. Серіктестіктегі «Жас Мамандар» Кеңесінің мүшелері мен Жаңаөзен қалалық Жастар ресурстық орталығының өкілдері бірлесе отырып, әулиелі орындарға, Ақтау қаласына «Каспий» теңізі жағалауына барып, сенбілік жұмыстарына атсалысты. Сонымен қатар, туған ел табиғатын қорғау мақсатында жастардың ұйымдастыруымен 50 түп ағаш отырғызды.

«ӨзенМұнайСервис» ЖШС басшылығы мен «Жас Мамандар» Кеңесінің мүшелерінің қатысуымен 2017 жылды қортындылап, жаңа жыл жоспарын талқылау мақсатында бас қосты. Жиында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы көлемінде «Бабалар жүрген ізбенен» деген тақырыппен тарихи орындармен бірлескен шаралар жасақталмақ. Алдағы жылы бірқатар маңызы бар мәдени, қоғамдық шараларды атқару серіктестіктің жылдық жоспарына енгізіліп отыр. Серіктестіктегі ардагер маманымыз Қаржаубай Рейімбайұлының ұсынысымен жыл сайын дәстүрлі түрде атап өтілетін «Амал» мерекесіне орай 2018 жылда «Отпантау» тарихи-мәдени кешеніне «ӨзенМұнайСервис» ұжымы тарапынан жеке киіз үй тігу жоспарланды.

*Бауыржан Мәмбетсапаев,  
«ӨзенМұнайСервис» ЖШС  
әлеуметтік сұрақтар жөніндегі  
атқарушы директоры*

# «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» МӘДЕНИ КІЛТІ ҚАНДАЙ?

Желтоқсанның 14-і күні Астанада «Самұрық-Қазына» мәдени кілті. Reinvention» кеңейтілген отырысы өтті. Онда корпоративтік құндылықтардың маңызы және оның компания қызметінің тиімділігіне ықпалы туралы сөз болды. Іс-шара Қордың құндылықтарын паш етуге, кері байланыс орнатуға, сондай-ақ трансформация бағдарламасы аясындағы қызметтің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталды. Отырысқа «Самұрық-Қазына» Қоры мен қоржынды компаниялардың топ-менеджерлері, Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттары, қоғам қайраткерлері мен мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Холдингтің алдағы бес жылға мақсат етіп отырған бағыттары мен жоспарлары белгіленді.

Кеңейтілген отырыс Қордың корпоративтік құндылықтарын, атап айтқанда, «Әріптестік,

сыйластық, тұтастық, меритократия, кемелдік» тақырыбындағы бес сессияны қамтыды. Яғни, Қордың негізін қалаушы құндылықтары бұл – әріптестік, сенімді қарым-қатынас орнату, сыйластық қағидалары бойынша әрекет ету, заңдарды сақтап, дәстүрді құрметтеу, жүктелген міндеттерді орындау, әрқашан әділ болу, лайықты кәсіби мамандарды таңдау, мәртебесіне қарамастан, әркімге өз пікірін білдіруге мүмкіндік беру, үздік тәжірибелер мен технологияларды пайдаланып, тиімді әрі жоғары сапалы қызмет атқару, үнемі алға қарай ұмтылып, жетіліп, Қорды дамытуға күш салу. Іс-шара өзара пікірталас форматында өтті.

Холдинг қызметкерлері және стратегиялық серіктестері, Директорлар кеңесінің мүшелері, қоржынды компаниялар өкілдері трансформациядағы корпоративтік



құндылықтардың рөлін талқылады. Топ менеджерлердің пікірінше, корпоративтік мәдениет қордың тиімді басқарушы ұйым мәртебесіне қол жеткізуіне мүмкіндік беретін «локомотив» болып табылады. Трансформация бағдарламасының мақсаты – компаниялар тиімділігін арттыру екені баса аталды.

Бұл бағыттағы жұмыстарды үш компоненттің сапасын арттыру есебінен жүзеге асыру жайында сөз болды. Атап айтқанда, бұл - қызметкерлер, бизнес процестер және технология бағыттары. Корпоративтік құндылықтарды құруда қызметкерлер бойынша бағыт маңызды рөлге ие.



# Қаражанбас мұнайшылары МАРАПАТТАЛДЫ



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні Қаражанбас кен орнында салтанатты жағдайда аталып өтті. Мұнайшы қауымды «Қаражанбасмұнай» АҚ бірінші Вице-президенті Сүйіндік Алдашев құттықтап, «Қаражанбас» компаниялар тобында еңбек етіп жүрген бір топ жұмысшыға «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ және «Қаражанбасмұнай» АҚ басшылығының Алғыс хатын табыс етті.

Сонымен бірге «Қаражанбасмұнай» жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» ҚБ төрағасы Батырғали Серікбаев өндірісте ерен еңбегімен еленген жұмысшыларға кәсіподақ атынан Алғыс хаттарды тапсырды.

Бұл жолы мұнайшылар үшін ерекше тарту жасалды. Салтанатты марапаттаудан соң Өлеуметтік жұмыс департаментінің мамандары шағын концерттік бағдарламасын ұсынды.



# Еңбек – барлық ырыс берекенің бастауы



Күнсұлу Көшекенова Өзен кенорнына 17 жасында оператор болып жұмысқа орналасады. Бүгінде «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының №1 Мұнай-газ өндіру басқармасы №8 Мұнай-газ өндіру цехына қарасты №7 топтық қондырғыда 4-дәрежелі оператор болып абыройлы қызмет атқарып жүр. 32 жыл еңбек өтілі бар Күнсұлу кәсібінің қыр-сырын әбден меңгерген өз ісінің шебері. «Мен өз жұмысымды тиянақты орындаймын. Скважиналарды аралап, олардың жай-күйімен танысу үшін күніне 3 шақырымдай жаяу жүреміз. Бұл бір жағынан спорт. Ұжымдағы операторлар Серік Овезов пен Әлібек Әбілқасов, слесарь-жөндеуші Ерлеспес Төлөндердің де жұмысқа

деген ынталары өте жақсы. Кез келген жұмысты құлшыныспен атқарып, өздеріне тапсырылған іске барынша жауапкершілікпен қарайды. «Ынта болса адамда, қиын іс жоқ ғаламда» демей ме, қазақ» – дейді мұнайшы келіншек жадырай күліп.

Күнсұлудың әкесі Жарылғасын Көшекенов та бүкіл саналы ғұмырын Өзен кенорнының өсіп-өркендеуі жолына арнаған адам. Кішкентайынан «әкесінің қызы» болып өскен Күнсұлу да өсейгенде әке жолын қуып, оператор мамандығын таңдайды.

«Компанияға да, ұжымдастарыма да бек ризамын. Жұмысымыз тұрақты. Басшылық тарапынан еңбегіміз бағалануда. Цех бастығы Төлеген Ақназаровтың бойында кісілігі мен кішілігі қатар өрілген азамат. Әрі мықты маман. Өзара түсінісіп,

сыйласып жұмыс жасап жатқан жайымыз бар. Еңбек демалысымызда жолдамамен Алматы қаласында орналасқан «Алатау» шипажайына барып қайттым. Дубайға барып, қыдырып келдім. Қыздарымның біреуі диплом алып, біреуі оқып жүр дегендей...Еңбек демалысына кетсем, скважиналар түсіме кіреді. Жұмысымды кәдімгідей сағынамын. Қашан да ерінбесең – еңбегің жанады», – дейді Күнсұлу Көшекенова.

Елбасымыз бір сөзінде «дәулетті тұрмыс құрудың жұмысты жақсы істеуден басқа жолы жоқ» екендігін айтпай ма?! Расында да, маңдай термен тапқан нан қашанда төтті болмақ!

# ЕҢБЕК ТҮБІ – БЕРЕКЕ




«Өзенмұнайгаз» АҚ, №2 Мұнай-газ басқармасы 43 топтық қондырғының шебері Мырзахан Айбергенов мұнай саласында 23 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Ол жұмысты барынша тиімді ұйымдастыруды өзінің міндеті деп біледі. «Бүгінгі күні компаниямызда жұмысшылардың еңбегін бағалау, жақсы көрсеткішке жеткен жандарды көпке үлгі ету, еңбегіне сай құрмет көрсету үрдісі қалыптасты. Жыл сайын үздіктер сайысының өткізілуі – осының куәсі», – деді ол өз сөзінде.

2007 жылдан бері жұмыс жасайтын слесарь-жөндеуші Қалдыпалуан Жөнеуов «өндірістің ыстық-суығына шыдаған адам ғана істің тілін табатынын» айтады.

Берік Қарамұрзаев, Жәния Сеңгірәлина, Нұрбек Тілеуов, Бегалы Қаржаубаев, Оразбай Тұрсынбай сияқты білікті мамандардан құралған еңбек ұжымы «қыста пана, жазда сая болатын мәдени үйшіктерінің ескіргенін» алға тартты. Осыдан 2 жыл бұрын күрделі жөндеуден өткізілген мәдени үйшік расында да жаңартуды күтіп тұр.

Аталмыш нысанды салу жоспарда бар екендігін айтқан шебер «компаниямыздың әл-ауқаты, тұрмыс дәрежесі жыл өткен сайын жақсарып, жұмыскерлердің көңіл-күйінде ертеңгі күнге деген сенімділік күшейе түсуде», – деді.



## Театр

### рухани мереке сыйлады

1-желтоқсан ҚР Тұңғыш президенті күні мерекесіне орай «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының демеушілігімен Жаңаөзен қаласына облыстық Нұрмұхан Жантөрин атындағы музыкалық-драма театры іссапармен келді. Театр шымылдығы «Әлиханның аманаты» пьесасымен ашылды. Ұлты үшін еңбек етуді парыз деп есептеген алашордашылардың жанкештілігіне қарап отырып, ескең ұрпақ тәуелсіздіктің аспаннан топ ете түспегенін жан-дүниесімен ұғынып, терең сезінді. «Бұл қазақта жігіттер бар нарқасқа» (Төлеген Айбергенов) демекші, қазақтың нарқасқа жігіттерінің бірін қалдырмай қырып тастаған

зұлмат заманға лағнет айтты көрермен. Жылады, жүрегі ауырды. Театр өртістерінің талантына тәнті болды...

Театр сахналаған Әбіштің «Абылай ханы» ел-жұртымыз басынан кешкен қилы кезеңдерге ат басын бұрғызады. Қазақ тарихына біржола бекітілген тұлға қазақ барда мәңгі-бақи өз тұғырында қала бермек.

Театр ұжымы ұсынған «Бір түп алма ағашы» драмасында арбаға таңылған мүгедек жігіттің жан айқайы, тумаластарының бауырының тағдырына деген немқұрайлылығы, анасының қырық жамау болған жаралы жүрегі... бәрі-бәрі санаға сілкініс тудырып, өмірге басқаша көзбен қарауға итермелейді. Адамды ізгілікке,

мейірімділікке жетелейді... Тәубаңа түсіреді...

Театр гастролін «Бес бойдаққа бір той» атты комедиямен тәмамдады. Жабылу кешінде сөз алған Мақсат Оңғарбайұлы өнер ұжымына қала тұрғындарының атынан риясыз алғысын білдірді. «Қазақстанда 50 театр бар болса, өзіміздің Жантөрин атындағы музыкалық-драма театры рейтингі бойынша алдыңғы үштікке кіреді. 14 жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан театрдың репертуарында 70 спектакль бар. Осы 4 күннің ішінде театр бізді біресе мұңға бөледі. Біресе күлдірді... Бір сәт күйі тірліктен бас көтеріп, рухани жаңғырып қалдық», – деді ол.

Театр рухани мереке сыйлады.

## ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ!

### Скажем коррупции СТОП!

АО «РД «КМГ» в рамках совершенствования корпоративных политик в области противодействия коррупции, внедрило «горячую линию», доступ к которой доступен 24 часа в сутки, 7 дней в неделю посредством электронной почты:

[report@seehearspeakup.co.uk](mailto:report@seehearspeakup.co.uk)

или на сайте:

[www.seehearspeakup.co.uk](http://www.seehearspeakup.co.uk)

также позвонив на следующие телефонные номера:

**8 800 333 3574 (RU)**  
**8 800 333 4233 (KZ)**  
**8 800 333 4244 (ENG)**

#### звонок бесплатный

Обращения, в том числе анонимные, поступающие на «горячую линию», рассматриваются Службой внутреннего аудита АО РД КМГ, иными структурными подразделениями, либо рабочими группами, обеспечивая надлежащий уровень независимости и объективности.

По поступившим в текущем году обращениям проведена соответствующая работа и приняты необходимые меры реагирования.

**Сотрудникам гарантируется анонимность и конфиденциальность.**



## ҚҰЛАҚТАНДЫРУ!

### Құрметті әріптестер!

Егер өндірістік қарым-қатынастар, еңбекті қорғау және қауіпсіздік, тұрмыстық жағдайлар мен еңбек ережелеріне қатысты шағым немесе ұсыныстарыңыз болса, **8 771 054 45 70** нөміріне **WhatsApp** желісі арқылы байланысуға болады. Желі тек SMS-хабарламаларды ғана қабылдайды (қоңырау қабылданбайды).

Анонимдік қамтамасыз етіледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ қоғаммен байланыс қызметі

### Уважаемые коллеги!

При наличии жалоб и предложений, касательно производственных отношений, охраны и безопасности труда, бытовых условий и трудовой дисциплины, Вы можете направить их на мобильный номер **8 771 054 45 70 WhatsApp**. Линия поддерживает только прием сообщений, без звонков.

Анонимность гарантируется.

Служба по связям с общественностью АО «Эмбамұнайгаз»

#### МЕНШІК ИЕСІ:

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БАРЛАУ ӨНДІРУ» АҚ  
 ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде  
 Есепке қойылып, № 6668-Г куәлігі берілген.

#### МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

010000, Астана қаласы,  
 Қабанбай Батыр даңғылы, 17 үй,  
 11 қабат, 1102 бөлме.

- ◆ ГАЗЕТ ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫНДАҒЫ АВТОР ПІКІРІ РЕДАКЦИЯНЫҢ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.
- ◆ РЕДАКЦИЯ ОҚЫРМАН ХАТТАРЫНА ЖАУАП БЕРМЕЙДІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЙТАРМАЙДЫ.
- ◆ «МҰНАЙЛЫ МЕКЕН» ГАЗЕТІНДЕ ЖАРИЯЛАНҒАН МАТЕРИАЛДАР КӨШІРІЛІП БАСЫЛСА, СІЛТЕМЕ ЖАСАЛУЫ МІНДЕТТІ.
- ◆ ЖАРИЯЛАНҒАН СУРЕТТЕРДІҢ САПАСЫНА РЕДАКЦИЯ ЖАУАП БЕРЕДІ.

#### ШЫҒАРЫЛЫМДЫ ДАЙЫНДАУҒА ҚАТЫСҚАНДАР:

Бақдәулет Төлеген – B.TOLEGEN@KMGEP.KZ  
 Жұмағұл Темірғали – Zh.TEMIRGALI@KMGEP.KZ  
 Бибігүл Бөбекбай – Psds0@UMG.KMGEP.KZ  
 Лаура Сүлейменова – L.SULEIMENOVA@EMG.KMGEP.KZ  
 Ғалия Қаражанова – G.KARAJANOVA@EMG.KMGEP.KZ  
 Қосұйым Мұқашев – K.MUKASHEV@EMG.KMGEP.KZ  
 Алтынгүл Әлішерова – AALISHEROVA@KGM.KZ  
 Жаңағұл Серікова – Zh.SERIKOVA@KMGEP.KZ  
 Диана Қалқамбекова – D.KALKAMBEOVA@KMGEP.KZ

Байланыс телефоны: +7 (7172) 97 78 93

Эл.почта: MUNAILYMEKEN@KMGEP.KZ

Газет айына 2 рет шығады, Таралымы 5 000 дана

МЕРДІГЕР: «SAMRUK INVEST GROUP» ЖШС  
 Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы, 41-үй, 476 кеңсе.

Тел.: +7 (7172) 68 00 79

«Ақжар - АБК» ЖШС

Ақтөбе қ-сы, Қобыланды көшесі, 17  
 тел.: +7 (7132) 21 19 30